

“Өзіңе сенімдісің бе?”

Ойын-тренинг

Мақсаты:

Ойын түрінде жасөспірімнің
өз мінез-құлқын
қалыптастыруына, сенімді
әрекеттенуіне жағдай туғызу

Кіріспе сұрақтар:

1. Адамға өзіне сенімді болу үшін нелер қажет?
2. Бұл қасиет адамға көмектесе ме, әлде кедергі келтіре ме?
3. Өзіне сенімді адамның қасиеттері қандай болады деп ойлайсың?

Өзіне сенімді адамның қасиеттерінің тізімін жасаңдар:

1. ...

2. ...

3. ...

4. ...

5. ...

6. ...

Сенімді адам қасиеттері

1. Батыл болады
2. Даусын шығарып, анық сөйлейді
3. Өзін бірқалыпты ұстайды
4. Сөйлесіп тұрған кісіге тіке қарайды
5. Өзінің сөзін дәлелдейді
6. Басқалармен тіл табыса біледі
7. Білмегенін айтуға қорықпайды
8. Өзіне сенімді болады
9. Білгенін жасырмайды

Сенімсіз адамның қасиеттері

1. Батылсыз болады
2. Ақырын сөйлейді
3. Сасқалақтап тұрады
4. Сөйлегенде кісіге тіке қарамайды. Дәлелдері жетіспейді
5. Басқалармен тіл табысуға тырыспайды
6. Ұялшақ болады
7. Жоқ деп айтуды білмейді

Енді қиын ситуацияларға жауап беріп көрелік

- Тақтаның алдында жауап бергенде ... (мен қандай боламын?);
- Маған біреу айғайлап сөйлегенде ... (мен не істеймін?);
- Сынып алдында сөйлегенде ... (мен қандаймын?);
- Бөтен адаммен сөйлескенде ... (мен өзімді қалай ұстаймын?).

Жаттығу тапсырмасы:

Бір неміс шаруасы көктемде 600 маркіге ат сатып алды. Жаз бойы жер жыртып, күзде атын 700 маркіге сатып жіберді. Келесі көктемде қайтадан жер жыртуға ат керек болып, базардан 800 маркіге ат сатып алуға тура келді. Күзде жолы болып сол атты 900 маркіге қайтадан сатып жіберді.

- Сұрақтар:

1. Шаруа ұтты ма? Қаншалықты?
2. Ұтылды ма? Қаншалықты?
3. Ештеңе ұтып немесе ұтылып қалған жоқ па?

Жауаптарына қарай оқушылар
3 топқа бөлінеді:

1. 100 марка ұтты;
2. 100 марка ұтылды;
3. “Ештеңе ұтқан да, ұтылған да жоқ”

Әр топ берілген уақыт ішінде өз шешімдерінің дұрыстығын дәлелдеп, басқа топтың оқушыларын өз жағына тартып алуы керек. Оқушыларға өз пікірлерін өзгертіп, басқа топқа өтулеріне болады. Ойланғаннан кейін барлық оқушылар бір топ болып, дұрыс жауапты беру керек.

Топ екіге бөлініп, осы ситуацияда көрінген өзіне сенімділіктің тізімдерін жасайды

Сенімділік қасиеттер:	Сенімсіздік қасиеттер:
1.....	
2.....	
3.....	
4.....	
5.....	
6.....	
7.....	

Сонымен ең негізгі 7 қасиеттерді негіздеп көрелік. Осыған келісесіздер ме?

1. Дауыстап сөйлеу;
2. Сөзінді ұқтыруға талпыну;
3. Өз ойын дәлелдеу;
4. Сыныптастарының әрқайсысымен сөйлесу;
5. Сыныптасының дәлелдерін тыңдау;
6. Басқалардың сөзін бөлмеу;
7. Түсінікті, анық сөйлеу.
8. Ұялмау, қысылмау.

Дембо-Рубинштейн әдістемесі

1. Пікірталаста сөйледің бе? **(иә, жоқ)**
2. Сөзді бөлдің бе?
3. Әркіммен сөйлестің бе?
4. Ұялып, қысылдың ба?
5. Анық сөйледің бе?
6. Ойыңды дәлелдей алдың ба?
7. Басқалардың сөзін бөлдің бе?

Сұрақтар:

1. Ойынның нәтижесімен келісесің бе?
2. Неліктен?
3. Өзіңді ойында толық көрсете, аша алдың ба?
4. Неліктен деп ойлайсың?

Жеке оқушыға қойылатын сұрақтар (жазбаша жауап беріледі?)

1. Тренингтің аты:
2. Жүргізілген күні:
3. Аты-жөнің:
4. Сабақта мен не түсіндім?
5. Мен еркін бола алдым ба?
6. Өзіме сенімді ме екенмін?
7. Сабақта саған мүмкіндік болды ма?
8. Сабақ ұнады ма?
9. Жүргізушіге ескертпең н/е айтарың бар ма?
10. Оқушының қолы: